

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№16 (129) ЖҰМА

16 мамыр 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



СЕКСЕН ЖЫЛ АШЫҚ АСПАН КӨГІМІЗДЕ! БЕЙБІТШІЛІК БОЛСЫН МӘҢГІ ЕЛІМІЗДЕ!



Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың Жеңіс Жалауын желбіретіп, фашизмнің шаңырағы күйрегенін күллі дүниеге жария еткеніне - 80 жыл

толды. Өткен аптада еліміздің ордасында әскери шеру өтті.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеудегі әскери шеруге де барып қатысты. Бұл Президенттің сол соғыста жан берген, қан төккен аталардың рухына, тылда күн-түн демей еңбек етіп, Жеңісті жақындатуға зор үлес қосқан жандарға деген ұлы құрметі.

Облыс орталығы Жезқазған қаласындағы Мәңгілік алау маңайында өткен мерекелік

іс-шаралар да өткенге бүгінгі құрметі мен ізетін танытты.

Сәтбаев қаласындағы Жеңіс саябағына жиналған адам қарасы өте көп болды. Жауынгер ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімін қала әкімі М.Бөрібаев бастап жүрді. Ол жиналғандарға арнап құттықтау сөз сөйледі.

Мерекелік іс-шара театрландырылған көріністер және майдан әндеріне арналған фестиваль арқылы жалғасын тапты.

АҢЫЗ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛДЫ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Аңызға айналған қаһармандар» атты оқырмандар конференциясы өтті. Қазақтың әйгілі әскери қолбасшысы, заңғар жазушы Б.Момышұлының 115 жылдығына, Кеңес Одағының Батыры М.Ғабдуллиннің 110 жылдығына орайластырылған шараның мақсаты аға буын өкілдерінің ерен ерліктерін насихаттай отыра, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу болды.



Оқырмандар конференциясында мектеп оқушылары өздері әзірлеп әкелген баяндамаларын оқып, батыр бабаларының ерен ерлігі мен тағылымды өмірінен деректер келтірді. Конференцияда Абай атындағы №4 мектеп-лицейдің 6 «Д» сынып оқушысы Ө.Бертаев, №3 мектептің 8 «А» сынып оқушысы І.Мұхамедия қалам мен қаруды қатар ұстаған Б.Момышұлының ұлағатты өмірбаяны мен ұрыс даласындағы ерліктерін өз баяндамаларына арқау етті. Б.Момышұлы атындағы №1 мектеп-гимназиясының 8 «А» сынып оқушысы Б.Өмірбектің «Ұшқан ұя» повесі – ұлттық тәрбие мен рухани байлықтың қайнары» атты баяндамасы оқырмандардың қызығушылығын оятып, өзара қызу талқыланған тақырып

болды. Кеңес Одағының Батыры М.Ғабдуллиннің өмірі мен шайқастағы ұлы жетістіктері туралы Абай атындағы №4 мектеп-лицейдің 6 «Д» сынып оқушылары Д.Рахметолла, О.Қосымбай баяндады. Іс шараға қатысқан №7 жалпы білім беретін мектептің 8 «А» сынып оқушылары мазмұнды шараға белсене қатысып, тақырып бойынша өздерін толғандырған сауалдарын қойды. Қазақтың біртуар батырлары туралы жанжақты ақпарат берілген шара барысында арнайы әзірленген бейнеролик көрсетілді. Шара барысында кітапхана қызметкерлері А.Мұсылманбекқызы, А.Бейсова әзірлеген «Ұлы Жеңіске мың тағым» атты кітап көрмесі де таныстырылды.

Айым БЕКТАС

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін. Email: [maslihat. satpaev@mail.ru](mailto:maslihat.satpaev@mail.ru)

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией. Email: maslihat. satpaev@mail.ru

ӨРТ ҚАУІПІ МЕН ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ КҮШЕЙТІЛДІ

Қалада өрт қауіпі кезеңі мен шомылу маусымына байланысты төтенше жағдайлар қызметтері күшейтілген режимде жұмыс істеуде. 123 маман мен 47 техника дайындыққа келтіріліп, түсіндіру және рейдтік шаралар жүргізілуде.

105 млн теңге бөлініп, профилактикалық жұмыстар БАҚ пен әлеуметтік желілерде жалғасуда. Бұл туралы төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Қуанышбек Досжанов кеңейтілген аппарат жиынында баяндады.

Қала әкімі Мұрат Бөрібаев өрт қауіпсіздігі мен шомылу маусымына дайындықты күшейтуді тапсырды. Заңсыз қоқысты жою, құрғақ шөпті тазарту, рейдтерді арттыру, халыққа түсіндіру жұмыстарын жандандыру, су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және барлық жауапты мекемелердің өзара әрекетін үйлестіру міндеттелді.

Қала әкімінің баспасөз қызметі

АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІ ҚҰРЫЛДЫ

Сәтбаев қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының жанынан Ақсақалдар кеңесі құрылды.



Кеңестің алғашқы отырысына облыстық “Қоғамдық келісім” КММ-нің басшысы Сейтжанова Г.О, ҚР Адам құқықтары жөніндегі Ұлытау облысы бойынша өкілі Каримов А.Б. қатысты.

Кеңес төрағасы болып Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Өтеш Мейірбекұлы Ахметов

сайланды.

Отырыс барысында Ақсақалдар Кеңесінің алдағы уақытқа белгіленген жоспарлары қарастырылып, “Адал азамат”, “Жұмысшы мамандықтар жылы” жобалары, “Даналық көпірі” тұжырымдамасы төңірегіндегі ой-пікірлер ортаға алынды.

ҚАНЫШ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАНАТЫ ЕДІ

Сәтбаев қаласындағы «Жастар» спорт сарайында Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетовті еске алуға арналған киокушинкай-кан каратэден балалар, жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Халықаралық турнир болып өтті. Турнирге Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттері мен Астана, Алматы қалаларының, сондай-ақ, Алматы, Қарағанды, Түркістан және Ұлытау облыстарының командалары, барлығы 277 спортшы қатысты.



- Қанат Балмағамбетов қандай құрметке де лайықты тұлға. Оның есімі әсіресе, Сәтбаев қаласына тым жақын. Өйткені, ол қаланы өте қиын жағдайда қабылдады. Бірақ, өзінің іскерлігі, зор ұйымдастырушылық қабілеті арқасында тез арада өсіп-өркендеуін қамтамасыз ете білді. Черчилльдің «Сталин Ресейді соқпамен қабылдап, атом қаруымен қалдырып кетті» дейтін сөзіне ұйқастырып айтар болсақ, Қанат Сұлтанұлы көрші қаланың қолына

өтіп кеткен бюджетін кері қайтарған, яғни, Сәтбаев қаласының дербестігін қалпына келтіріп кеткен басшы болатын. Оның атындағы турнирдің Халықаралық деңгейге көтерілгеніне өте қуаныштымын – дейді қалалық Қоғамдық Кеңестің мүшесі Ардақ Абдоллаұлы Жүгініс.

Қ.С.Балмағамбетов есімін ардақтауға арналған турнирдің деңгейі жылдан жылға жоғарылай берсін!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

Сәтбаев қаласы әкімінің 2025 жылдың 30 сәуірінде халықпен кездесу барысында айтылған ұсыныстар мен ескертулерді іске асыру бойынша іс-шаралар ЖОСПАРЫ

№	Айтылған ескертулер/ұсыныстар (авторы)	Іс-шараның орындалуы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушы	Жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасары	Ескерту
30 сәуір 2025 жыл						
1	Қаратлеуова С. Абай көшесі 5а/1 үйінің төбе шатырын жөндеу бойынша	Мәселені қарастыру және ұсыныс беру	12.05.2025ж.	Ө.М. Мұхамбетәлі	А.С. Сыздыманов	
2	Қаратлеуова С. Абай көшесі 5а/1 аула арасындағы жолдардың шұңқырларын жөндеу бойынша	Шұңқырларды жөндеу жұмыстарын жүргізу	12.05.2025ж.	Т.М. Жамауов	А.С. Сыздыманов	
3	Құрманқожаев А Абай көшесі 11/3 үйінің шатырын және сайдингісін жөндеу бойынша	Мәселені қарастыру және ұсыныс беру	12.05.2025ж.	Ө.М. Мұхамбетәлі	А.С. Сыздыманов	
4	Құрманқожаев А Абай көшесі 11/3 ауласындағы балалар ойын алаңына құм төсеу	Мәселені қарастыру және ұсыныс беру	12.05.2025ж.	Ө.М. Мұхамбетәлі	А.С. Сыздыманов	
5	Құрманқожаев А Абай көшесі 11/3 кіреберіс алдындағы қоқыстардың уақытылы жиналмауы	Қоқыс тазалауды қамтамасыз ету	Тұрақты	Ө.М. Мұхамбетәлі Ж.С.Сейлова КСК ЖШС «Кәусар-7»	А.С. Сыздыманов	
6	Құрманқожаев А Аула арасында мопед жүргізушілерінің жылдамдықты асырып жүруі	Рейдтер және түсініктеме жұмыстарын жүргізу	Тұрақты	Е.Н.Байзаков (келісім бойынша)	Д.Қ.Мұхан	
7	Түсіпбеков Т. Мәңгілік ел 6 үйінің шатырын жөндеу бойынша	Мәселені қарастыру және ұсыныс беру	01.09.2025ж.	Ө.М. Мұхамбетәлі	А.С. Сыздыманов	
8	Смағұлов Т. Абай көшесі 47а және 57 үйлерінің арасындағы жолға жарықтандыру орнату және жаяу жүргінші белгісін салу бойынша	Жарықтандыру мен жаяу жүргінші белгісін орнату	01.07.2025ж.	Ө.М. Мұхамбетәлі	А.С. Сыздыманов	
9	Сүлейменова А. Құсайнов көшесі 33 апатты үйінің тұрғындарын көшіру бойынша	Тұрғындарға ақпарат ұсыну	12.05.2025ж.	Ж.С. Сейлова	А.С. Сыздыманов	
10	15 мектеп шағын орталықтың ата-аналары 15 мектептегі балалар шағын орталығындағы ойын алаңын жаңарту бойынша	Мәселені қарастыру және ұсыныс беру	01.06.2025ж.	Б.Б. Ақышбеков (келісім бойынша)	Д.Қ.Мұхан	
11	Баймендинова Ж. Горняцкая көшесіне жарықтандыру және жасанды жол кедергісін орнату бойынша	Жарықтандыру мен жасанды жол кедергісін орнату	01.07.2025ж.	Ө.М. Мұхамбетәлі	А. Сыздыманов	
12	Ысмағұлов Б. Ерден көшесі 189 үйінің алдындағы коллекторын су басу сұрағы бойынша	Аталған мекен-жай бойынша комиссиялық тексеріс жүргізіп, сұрақты шешу жолдарын ұсыну	12.05.2025ж.	Ө.М. Мұхамбетәлі Е.А. Тоқымбаев	А.С. Сыздыманов	
13	Ысмағұлов Б. Ерден көшесі 193 үйінің артындағы ағаш суаратын сорғы құрылғысын жөндеу бойынша	Аталған мекен-жай бойынша комиссиялық тексеріс жүргізіп, сұрақты шешу жолдарын ұсыну	12.05.2025ж.	Ө.М. Мұхамбетәлі	А.С. Сыздыманов	
14	Макаренко А. Қала жолдарын жөндеу туралы	Тұрғынға ақпарат ұсыну	12.05.2025ж.	Т.М. Жамауов	А.С. Сыздыманов	
15	Хамзе Ш. Қаланы санитарлық күтіп ұстау сұрағы туралы	Тұрғынға ақпарат ұсыну	12.05.2025ж.	Ө.М. Мұхамбетәлі	А.С. Сыздыманов	

ТЫЛДЫҢ ТАРЛАНДАРЫ ЕДІ...

«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс» деп Қасым ақын жырлағандай, сұрапыл соғыстың қиындығын әр шаңырақ, әр отбасы сезінді. Менің ата – анам соғыс жылдарында тылда тынымсыз еңбек еткен жандар қатарында болды.

Әкем Шенеубаев Баба 1907 жылы өмірге келген. Соғыс жылдары Оңтүстік Қазақстанда Байыркұм деген жерде Қаракөл совхозының меңгерушісі болып жұмыс істеген, майдан даласына қаракөл қойдың терісінен командирлерге бас киімдер, солдаттарға жүн шұлықтарды үздіксіз жіберіп отырған. Бүкіл совхоз еңбеккерлері жас-кәрісіне қарамай «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деп күн-түн демей еңбек еткен, жауынгерлерді осылайша қажетті заттармен қамтамасыз еткен. Анам Мария Муртазина Ахмет - Латиф қызы Қазан қаласынан Ветеринариялық техникумды бітіріп, сол совхозға жіберіледі, әкемізбен танысып, 1945 жылы екеуі бас қосқан.

1947 жылы соғыс біткесін әкеміз туған жеріне оралады. Соғыстан кейінгі қиын кезеңдерде ата-анамыз Кеңгір совхозына қарасты Төлекбай бөлімшесінде өз мамандықтары бойынша жұмыс істейді. Әкеміз 1963 жылы 56 жасында дүниеден озғасын бар ауыртпалық анам Марияның мойнына түсті, отбасымызда 6 бала және жанымызда мейірімді әжеміз Әйнек болды. Анамыз барлық ауыртпалыққа мойымады, қиналды демеді. Совхозда есепші болып жұмыс істеді. Бәрімізді оқытты, қатарымыздан кем қылмады. Үлкеніміз Орынбасар тоқыма фабрикасында тігінші болып еңбек етті, бүгінде 6 баласынан 14 немере сүйіп, еңбегінің жемісін көріп отыр. Ағамыз Алдаберген өмірден ерте кетті. Менің екі қызым бар, ұл-



кенім Айнагүл Қарағандыда медалдармен оқытушы, күйеу балам да, екі қызы да дәрігер, бір сөзбен айтқанда дәрігерлер отбасы, бір ұлы биыл мектеп бітіреді. Кіші қызым экономист, оның да екі қызы бар.

Отбасымыздағы төртінші перзент Мира 1971-1978 жылдары Теректі мектебінде мұғалім болды, одан кейін Жезқазғанда еңбек жолын жалғастырды, кейін балалары Астанаға қоныс аударғасын, елордасында №16 мектепте 12 жыл еңбек етіп, зейнетке шықты. Екі қыз, бір ұлынан қазір 6 жиені бар, сүйікті әже.

Сіңлім Сайра еңбек жолын Теректіде бастады, кейін Алматыдан оқу бітіріп келгесін нан зауытын-

да технолог болып жұмыс істеді. 2 қыз бір ұлы бар, жолдасы Еркін екеуі ұлдарының қолында Алматыда тұрады. Отбасымыздың кенжесі Сәлдеш те өмірден ерте озды. Көңіл жұбатарлығы, 5 баласы да аяқтанып, өмірден өз жолдарын тапты. Қиын кездерде әжеміз Әйнек бәрімізге бас-көз болды, анамыз жұмыста жүргенде біздің тәрбиемізбен айналысты. Аллаға шүкір, біз де ерте еңбекпен есейдік, қолымыздан келгенше анамызға қолғабыс еттік. Анамыз ауылға сыйлы болды, мейірімді еді. Біз бәріміз оны «мама» деп атайтынбыз, көршілеріміздің балалары да «мама» дейтін. Көршіміздің бірі - Сейітжан Үмбетовтың отбасы еді.



Төрт баласы да біздің бауырымыздай болып кетті. Сейітжан жездеміз ауырған кезде апамыз Бидаш жиі Жезқазғанға ауруханаға баратын, сол кезде 10 сыныпта оқитын қызы Зиягүл оқуынан қалмасын деп анамыз Мария сиырын сауып, малын өріске жіберіп, қарайласқанын кездескен кезде Зиягүл ерекше ықыласпен айтып, есіне алады.

Жақында Теректі ауылында Жеңістің 80 жылдығына ардагерлердің ұрпақтары ұйытқы болып, тағылымды іс-шара өткізді. «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» деп сол ауылда бұрын тұрған, кейін басқа өңірлерге қоныс аударған майдангерлер мен тылда еңбек еткендердің ұрпақтары бас қосып, керемет әсерде болдық. Әулетіміздің атынан қызым екеуіміз барып, қатыстық. Сол кезде тату-тәтті көрші болған Үмбет әулетінің, Сейітжанның кенже баласы Бекзат осы үлкен іс-шараны ұйымдастырушылардың басында болды, бәрімізге арнайы шақырту жіберді. Осы жазбаны көңілім толқып, ризашылықпен жазып отырмын. Теректілік барлық ауылдастарыма алғысым шексіз.

Аманкүл ҚОЖАХМЕТОВА,
еңбек ардагері.
Қарағанды қаласы.

ПЛАН мероприятий по реализации предложений и замечаний населения, высказанных в ходе встречи с населением акима г.Сатпаев 30 апреля 2025 года

№	Высказанные замечания/ предложения (автор)	Мероприятия по реализации исполнения	Сроки исполнения	Ответственный исполнитель	Контролирующий заместитель акима города	Примечание
30 апреля 2025 года						
1	Каратлеуова С. Ремонт крыши дома Абая 5а/1	Рассмотреть вопрос и внести предложение	12.05.2025г.	Мухамбетали А.М.	Сыздыманов А.С.	
2	Каратлеуова С. Ямочный ремонт дорог во дворе дома Абая 5а/1	Произвести ямочный ремонт дорог	12.05.2025г.	Жамауов Т.М.	Сыздыманов А.С.	
3	Курманкожаев А. Ремонт крыши и сайдинга дома Абая 11/3	Рассмотреть вопрос и внести предложение	12.05.2025г.	Мухамбетали А.М.	Сыздыманов А.С.	
4	Курманкожаев А. Завезти песок на детскую игровую площадку во дворе дома Абая 11/3	Рассмотреть вопрос и внести предложение	12.05.2025г.	Мухамбетали А.М.	Сыздыманов А.С.	
5	Курманкожаев А. Несвоевременный вывоз мусора возле дома Абая 11/3	Обеспечить вывоз мусора	Постоянно	Мухамбетали А.М. Сейлова Ж.С. КСК ТОО «Каусар-7»	Сыздыманов А.С.	
6	Курманкожаев А. Превышение скорости водителями мопедов между дворами	Провести рейд и разъяснительную работу	Постоянно	Байзаков Е.Н. (по согласованию)	Мұхан Д.Қ.	
7	Тусупбеков Т. Ремонт крыши дома Мәңгілік ел 6	Рассмотреть вопрос и внести предложение	01.09.2025г.	Мухамбетали А.М.	Сыздыманов А.С.	
8	Смагулов Т. Установка освещения и пешеходного знака на дороге между домами Абая 47а и 57	Установить освещение и пешеходный знак	01.07.2025г.	Мухамбетали А.М.	Сыздыманов А.С.	
9	Сулейменова А. Переселение жителей аварийного дома Кусаинова 33	Предоставить жителям информацию	12.05.2025г.	Сейлова Ж.С.	Сыздыманов А.С.	
10	Родители мини центра 15 школы Обновить детскую игровую площадку мини-центра 15 школы	Рассмотреть вопрос и внести предложение	01.06.2025г.	Ақышбеков Б.Б. (по согласованию)	Мұхан Д.Қ.	
11	Баймендинова Ж. Установка освещения и искусственной неровности по улице Горняцкая	Установить освещения и искусственной неровности	01.07.2025г.	Мухамбетали А.М.	Сыздыманов А.С.	
12	Исмагулов Б. О подтоплении коллектора во дворе дома Ердена 189	Организовать комиссию с выездом на место и предоставить пути решения	12.05.2025г.	Мухамбетали А.М. Токимбаев Е.А.	Сыздыманов А.С.	
13	Исмагулов Б. Ремонт поливочного насоса для полива деревьев за домом Ердена 193	Организовать комиссию с выездом на место и предоставить пути решения	12.05.2025г.	Мухамбетали А.М.	Сыздыманов А.С.	
14	Макаренко А. По ремонту дорог города	Предоставить жителю информацию	12.05.2025г.	Жамауов Т.М.	Сыздыманов А.С.	
15	Хамзе Ш. О санитарном содержании города	Предоставить жителю информацию	12.05.2025г.	Мухамбетали А.М.	Сыздыманов А.С.	

РАСПИСАНИЕ НА ЗАВТРА

СДЕЛАНО НЕМАЛО, НО ПРЕДСТОИТ ЕЩЕ МНОГОЕ СДЕЛАТЬ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ГОСАППАРАТА.

В соответствии с поручением Главы государства по комплексной модернизации государственной службы разрабатывается новый законопроект «О государственной службе». Один из пунктов - внедрение новых механизмов профессионального развития.

Как человек, много лет отдавший государственной службе, хотел бы поделиться своим взглядом на то, как реформировать структуру управления и какими должны быть госслужащие.

ОСТОВ ВСЕГО

Прежде всего считаю, что для государственных служащих обязательным должно быть чувство патриотизма. Причем это – патриотизм действенный, когда любовь к родной стране выражается в отношении к ее гражданам. От госслужащих, непосредственно работающих с людьми, зависит социальное самочувствие, благополучие каждого, по большому счету, пульс всей страны. Человек должен быть в фокусе работы чиновника.

На IV заседании Национального курултая президент Касым-Жомарт Токаев обратил внимание на воспитание патриотичного, образованного, созидательного поколения, соответствующего идеалам концепции «Адал азамат».

В моем понимании патриотизм для каждого гражданина – его личная гордость и личная ответственность.

АДАМ БОЛ!

Все начинается с малых лет, с примера старших. Мой отец прошел всю войну, мама – труженица тыла. Они были и остались для нас, тринадцати их детей и в целом для всех, кому повезло с ними работать и общаться, образцовым примером. Люди немногословные, люди дела и чести, для меня они – настоящие патриоты. Их ровесники – ветераны войны и труда, встречались с нами, школьниками, говорили на равных, ведь в пору своих подвигов были нашими ровесниками... Ветераны принимали нас в октябрята и пионеры, потом были комсомол и партия. Так и воспитывался патриотизм. Предлагаю молодым прочитать «Как закалялась сталь» Николая Островского, роман про Павку Корчагина. Вот где идеология, вот где мощь, вот где мотивация! Островский умер в 32 года, был много лет прикованным к постели. Почти полностью парализованный, полуслепой, с помощью трафарета написал эту книгу. Молодые, вы только вздумайте в это! Здесь все – и мужество, и отчаяние, и боль, и вера в силу своего слова, вера в идею. Поразительно!

Нам сейчас нужна идеология закона и порядка. Жить и воспитывать детей надо под девизом «Адам бол!», как говорил Абай. По сути Абай, как было сказано на Национальном курултае, это наш национальный бренд. А значит, наша идеология.

КАДРЫ РЕШАЮТ ВСЕ

Определяющими качествами управ-



ленца должны стать глубокое знание предмета деятельности, как теоретическое, так и практическое, современный менеджмент, честная объективная аналитика, толерантное восприятие критики.

От управленцев народ ожидает прежде всего порядочности и справедливости. В наше время - это значительно больше, чем все остальное.

В Послании народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм» Глава государства подчеркнул, как важно наращивать кадровый потенциал страны.

Суть нового этапа реформ в этом направлении заключается в том числе и в повышении эффективности государственного управления, а процесс модернизации госуправления во многом зависит от кадров. Граждане хотят видеть таких государственных служащих, которые умеют слушать и слышать, тех, которые стремятся и способны помогать людям, тех, кто не избегает «неудобных» вопросов, отвечает на них со знанием дела, честно признает ошибки.

ПО ОБРАЗУ И ПОДОБИЮ

Считаю одним из подходов к профессионализации государственного аппарата и повышения эффективности кадровой политики более пристальное внимание к отбору на государственную службу.

Сейчас «вход» на госслужбу вообще несложный - никаких излишних препон и барьеров.

Для профессионализации государственного аппарата и повышения эффективности кадровой политики полезно было бы применить опыт отбора на первоначальную профподготовку молодых кадров в правоохранительных органах. С 2020 года там Правилами отбора предусмотрено обязательное прохождение обучения в Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК. Так и для всех государственных служащих - сделать обязательным обучение в Академии государственного управления при Президенте РК. При этом особое внимание уделять воспитательной работе, продвижению принципов и идеалов «Адал азамат» и формированию профессиональных и личностных качеств,

укреплению духовных ценностей.

Есть мысли и по поводу самого процесса подготовки молодых кадров, прошедших конкурс на занятие административной государственной должности. Вижу несколько этапов: собеседование в государственном органе, прохождение медицинского и психофизиологического освидетельствования в ВВК, полиграфологическое исследование, сдача экзамена в Академии и обучение в нем в течение одного месяца. И только потом - назначение на должность, с засчитыванием периода обучения в стаж госслужбы.

Следующее предложение – еще раз досконально посмотреть структуру госуправления, проанализировать функциональные обязанности на центральном и региональном уровнях, произвести перераспределение отдельных функций, а в отдельных случаях ввести вертикальное управление. Так в настоящее время осуществляется переход к системе вертикального управления в сфере физической культуры и спорта. Целесообразно было бы для начала в пилотном проекте перевести в вертикальную схему государственный архитектурно-строительный контроль (ГАСК).

НАЗАД В БУДУЩЕЕ

Мыслями по повышению эффективности государственного управления я делился в своих статьях в «Казахстанской правде», с конкретными предложениями обращался в Правительство, Администрацию Президента. В эффективности работы Виртуальной приемной при АП я убедился, когда обратился туда с предложениями по совершенствованию системы государственного управления, госзакупок, бюджетной сферы, строительной отрасли, жилищно-коммунального хозяйства и управления государственными активами. Все мои инициативы по заданию Администрации Президента были рассмотрены соответствующими министерствами и ведомствами, и по каждому поднятому вопросу даны конкретные ответы, а не просто «отписки», как это водилось ранее. Вопросы по строительству и ремонту Министерство индустрии и инфраструктурного развития рассмотрело с моим участием. Важно, что некоторые мои предложения уже учтены при внесении изменений в законодательство.

СКАЖЕМ ЧЕСТНО

Надо честно признать - во власти мало сильных аналитиков и экспертов от экономики, не говоря уже о стратегах.

Далее. Мы привыкли во всех грехах винить коррупцию. Но причина наших бед это не коррупция, коррупция - это следствие. Корысть чиновников стала правилом. Там, где есть риск совершить нарушение, есть и угроза коррупции.

Увы, за годы независимости органы власти засорились выскочками, случайными людьми - лизоблюдами, деньго-варями...

Еще одна закоренелая проблема – у нас, к сожалению, все еще в большом спросе бесхребетные исполнители, те, кто принимает решение по звонку «сверху». А хотелось бы, чтобы не сильные мира сего через таких управляемых управленцев налаживали нашу жизнь, а думающие и честные патриоты.

Важный момент. Критику в СМИ в любом государственном органе должны воспринимать не как повод «закрутить гайки», а как возможность для дискуссии, открытого и честного обсуждения. Ведь СМИ и есть площадка для диалога, для обратной связи с гражданским обществом. Хочется, чтобы наши чиновники не варились в собственном соку, а видели, что беспокоит население.

Каждый госслужащий должен быть менеджером. И на мой взгляд, лучше менеджеры постарше возрастом - у них опыта и знаний побольше, и сил еще немало. Они здраво мыслят и чаще высказывают дельные суждения. Молодые больше дружат с новыми технологиями, чем с живыми людьми. Помощниками руководителей я бы предпочел видеть молодых, а вот советников лиц высокого ранга - министров, акимов, и т.д. лучше набирать из числа опытных людей, знающих жизнь и производство, а главное - народные нужды. Исторический пример - Бухар Жырау, советник при Аблай хане.

НА МЕСТАХ

Сейчас акиматы предоставлены сами себе и делают что им вздумается. Ощущение такое, что каждый аким сам себе хозяин.

Нужно создавать систему, при которой акимам будет сложно принимать сомнительные решения. Усилить внутренний, государственный, общественный, партийный и экспертный контроль. Как заметил наш президент, «Не человек для государства, а государство для человека». Когда государственные служащие станут относиться к своей работе не как к кормушке, а как к исполнению высокого долга в режиме 24/7, тогда слово «гражданин» станет не стандартной формулой в документе, а гордо звучащим выражением патриотизма – настоящей причастности к прошлому и будущему своей любимой страны.

Галым МУКАШЕВ,
общественный деятель,
академик МАИИ,
магистр экономических наук,
член Союза журналистов
Казахстана.

Астана



ҚАЙРАН ҚОЙШЕКЕҢ!

Қойшыбек аға Тоқтамысұлы! Жаратылысы бөлекше еді!

Қазақтың атақты жырауы, ақын, марқұм Шынболат Ділдебаев бұл кісіні «Дұрыс емес шал» дейді екен. Неге? Өйткені, кәдуілгі тіршіліктегі көп нәрсеге ол басқаша қарайтын, басқаға әп - әдемі көрінетін жәйттерді жақтыра бермейтін, « осы дұрыс па?» деп сұрақ қойып, бетіңе қарап отыратын да, «дұрыс емес» деп жауабын да өзі беріп, шегелеп, шегендеп тастайтын. Арагідік «Дұрыс қой» деп айтып үлгеріп қалсаң, «Несі дұрыс? Сендерге әлеулай -халаулай болса жетеді ғой, сонда салт -дәстүр қайда, қазақтың күмбірлеген күйі, әдемі әні қайда?» деп шала бүлінетін де қалатын. Өзі шертпе күйді шебер шертетін. Жаратылысы бөлекшелеу болатын. Көбіміздің түсінбегеніміз де рас, сол түсінбестіктің кесірінен «қыңырлығы, қиқарлығы басым» деп жүрдік. Өзі туралы жазған бір мақаламда ол кісіні «Қиқар шал» деп сыпаттап жібергенім де бар. «Қиқар болып сенің бірдененді бүлдірдім бе, мынауың не?» деп ұрысатын шығар десем, ағам керісінше «Осыған шейін маған сыртымнан айтылатын сөзді сен тасқа басқан екенсің, мұның дұрыс. Айтқасын ашық айту керек» деп, ризашылығын білдіріп еді -ау.. «Маған анау Шынболаттың қойған «Дұрыс емес шал» деген аты да ұнайды» дейтін..

Өзі соғыс ардагері еді. Бірақ... «Мен сұрапыл соғыстың ортасында болғаным жоқ. Сегіз жыл өмірімді Қиыр Шығыстағы 63 -шекаралық кавалерия отрядының құрамында өткердім» дейтін. Сосын сол Шығыста жүріп, кеудесіне тағып оралған «Ерлігі үшін» медалін көрсетіп қоюды да ұмытпайтын. Мұнысы «Сегіз жылым текке өткен жоқ» дегендегісі ғой.

Ол кісі өмірден өткен кейінгі Жеңіс күні жайылған дастархан басында отырғанда ақын Мұса Тілеуов ағамыз « Қойшекең жарықтық мұндайда «шай деген үйде де бар ғой, кемпір ішкізбейтіннен дәм тата отырайық» деп күлдіретін еді» деген естелік айтты. Нені меңзегені түсінікті ғой.

Әулие адам ғой! «Жүзге әркім де келеді, мен 99-дың төбесін көргенімді тойлаймын» деп, Астанадағы тойына шақырған. Барғанбыз. Жүзге жақындаса да, Жамбылдың жасынан аса қоймайтынын сезді ме екен?

Мәңгілік мекенжайын күнілгері салдырып қойғаны да бар еді. Астанадан келіпті де, сол жерді барып көріп, үйіне жеткен соң он бес - жиырма минуттан соң, жүріп кете барыпты. Әулие болмаған несі қалды?!

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын ағамыздың! Ұлы жеңістің 80 жылдық тойында ағамызды бір еске алып қоймасақ, әруағынан ұят-ты.

Абдолла ДАСТАНОВ.



БАС ШТАБТЫҢ ШИФР ШЕШУШІСІ

Ұлы Отан соғысының ардагері – атам Әбдіхамит Қоңырқұлжиновтың өз аузынан естігендерімді және ол кісі туралы баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларды зерделей отырып, естелік жазуды жөн санадым.



Атамыз 1916 жылы қазіргі Ұлытау ауданы Амангелді-Қорғантас елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Қоңырқұлжа Ахмет ишаннан дәріс алған. Өзі ауылында 4 класс бітірген. 1930-1932 жж. ашаршылықта әкесі Қоңырқұлжаның інісі Жакейдің отбасымен бірге анасы екеуі Қарақалпақстанға қоныс аударыпты. Анасы Ақмоншақ сол Қарақалпақстанда қайтыс болған екен. Қайын атам 8 жасында әкеден, 16 жасында шешеден жетім қалған. 1932 жылы елде, Қарсақпайдың зауытына жұмысқа адам алып жатыр деген хабарды естіп, барлығы елге қайтады. Елге оралған соң немере ағасы, Жакейдің баласы Бодыман (Абжаппар) екеуі зауытқа жұмысқа барады. Жасы жетпегендіктен атамызды зауыттың өзіне алмай, Байқоңырдағы көмір шахтасына жұмысқа жібереді. Кейін теміржолда, зауытта көмекші слесарь етіп алады. Атамыз ФЗУ-да оқыған. 1935 жылы Семейдегі қаржы-экономика техникумына түседі. Орысша білмей барған ол бір жылдың ішінде орысшаны өте жақсы меңгергені сондай, орысша-қазақша аудармашы болып қосымша жұмыста істеген. 1938 жылы партияға кандидаттыққа өтеді. 1939 жылы техникумды үздік бітіріп шығады. Атамыз математикаға өте жүйрік болған, кейін шифровальщик болғанда үлкен көмегі болған екен. 1939 жылы жоғары білім алсам деген арманмен құжатын Ленинградтағы финансы-экономика институтына жібереді. Көп ұзамай ол жақтан «Институтқа емтихансыз қабылдандыңыз. 1 қыркүйекте оқуға келіңіз» деген хабар келеді. Сонымен, тамыздың 25-інде атам Ленинградқа келіп оқуға кірісіп кетеді.

1939 жылы Ленинградта оқуды енді бастаған уақытта, Финляндиямен соғысы басталады. Атамның майдан даласындағы ерлік істері осы кезден басталған еді. Осы уақытта 1-курс студенттерін әскерге алу туралы бұйрық шығады. Атам орысшаны жақсы білгендіктен партияға кандидат болды, техникумды үздік бітірді, құжаттардың бәрі келіп тұрған соң, екі жылдық шифровальщиктердің курсына «Двухгодичный курс шифровальского военного округа» жіберілді. Сөйтіп шифршы болатын 40 бала сапқа тұрады. Оның 39-ы орыс ұлты болса, жалғыз қазақ – Әбдіхамит Қоңырқұлжаұлы атамыз. 1940 жылы «Чкаловское военное училище» партия қатарына өтеді. Атам Мәскеудегі Чернишев казармасында жүріп шифр жіберіп, қабылдап алатын деңгейге жеткен. Ол кездегі

әскери округтің командирі атақты С.М.Будённый екен. «Қызмет бабымен Семён Михайловичтің өзіне өз қолыммен бір мәрте шифр апарып өткізгенмін» деп айтып отыратын еді. Атамның айтуынша, С.М.Будённыйдан кейін округке генерал Тюленов келген. Атақты Жуковпен де, Мерецковпен де осы жерде танысқан. Әскери қызметі аяқталып, енді елге кетеміз деп тұрған уақытта батыс шекарадан суық хабар жетеді. Бұл – 1941 жылдың маусым айы, Ұлы Отан соғысы басталған уақыт. Фашистік Германия батыс шекараға басып кіргеннен кейін 22 маусым күні сағат 7-де Жуков бастаған генералитет пойызы соғыс ошағына аттанады. Оның қасында 5 шифр шешуші болған. Соның бірі – біздің атамыз Әбдіхамит Қоңырқұлжаұлы.

1941 жылдың маусым айынан 1942 жылдың ақпанына дейін оңтүстік майданда майдан штабының 8-бөлім бастығының орынбасары болады. 1942 жылдың ақпанынан 1946 жылдың ақпанына дейін корпус штабының 8-бөлімінің бастығы болады. Атамыз құпиялық қызметте кадрлық офицер, барлаушы болған. Иранда тыңшылық тапсырмамен 3 рет болған екен. 1947 жылы Сталиннің рұқсатымен отставкаға шыққан.

Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО Жоғары Президиумының 1944 жылғы 1 мамырдағы бұйрығымен «За оборону Кавказа» медалімен, 1945 жылы «За Победу над Германией» медалімен және елге оралған соң 1994 жылы «Медаль Жукова», 1985 жылы «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі» орденімен, Ұлы Жеңістің бірнеше мерекелік медальдарымен, т. б. марапатталған. Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы халқымыздың ерлігі» қоғамдық деректер банкінен алынған нақты дәлелдейтін ақпарат барын растаймыз.

1947 жылы елге оралған соң Ұлытау, Жезді аудандарында партия қызметкері болып, аудан экономикасының дамуына зор үлес қосқан.

Ұлы Отан соғысы жылдарында анамыз Райса Михайловнамен шаңырақ көтерген. Анамыз да атамызбен қатар соғысқа қатысып, 1945 жылы «За оборону Кавказа» және бірнеше мерекелік медальмен марапатталған. Анамыз ұстаз болған. Ұлытаудан шыққан Төрегелді Шарманов, Камал Смайылов сияқты зиялы, елге танымал азаматтарға орыс тілінен сабақ берген. Ұстаздық еңбегі бағаланып, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған. Ата-енем 9 бала, яғни 5 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсірген.

Мен Әбдіхамит және Райса Қоңырқұлжиновтардың кенже ұлы Мараттың зайыбымын. Жолдасым 2009 жылы дүниеден озды. Бүгінде балаларыммен бірге Астана қаласында тұрамын. Немерелері Бауыржан, Бақытжан, Тоғжан жоғары білімді, өз мамандықтары бойынша қызмет атқаруда. Отбасымызда атамыздың шөберелері Жантөре, Зере, Асыл өсіп келеді.

Кешегі алып мемлекет – Кеңес Одағында санаулы құпия құрастырушы, арнаулы маманның бірі – шифр шешуші жалғыз қазақ Ұлытаудың ұлы екенін бүгінгі ұрпақтың біліп, оның тарихи, рухани мәнін терең сезініп өсуі ел болашағының берік іргетасы деп білемін. Бұл – тек өткенге тағзым емес, ұлттық сананың, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі.

Гүлназия САБЫРҚЫЗЫ,
Астана қаласы №9 «Зерде»
мамандандырылған мектебі
директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасары,
Қазақстанның еңбек
сіңірген ұстазы.

COT ТӨРЕЛІГІ

НАШАҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ЕСІРТКІНІҢ
ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ҚАРСЫ
ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША
ЗАҢҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР

Нашақорлық – есірткі құралдары мен психотроптық заттарды қолданудан, оларға тәуелділіктен туындаған созылмалы ауру. Бұл дерт бүгінгі күнгі тек біздің еліміздің шегінде ғана емес, бүкіл әлемге тараған, күн сайын тамырын тереңге жайып жатқан дерт.

Нашарқорлық тек жеке тұлғаның ғана емес, жалпы халықтың денсаулығы мен әлауқатына елеулі қатер төндіретін және қоғамның экономикалық, мәдени және саяси негіздеріне теріс әсер етеді және есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз өндірісінің, оған сұраныс пен оның айналымының ауқымы мен өсу тенденциясына қатты алаңдатады. Статистикаға сүйенсек, есірткі құралдары мен психотропты заттарды қолданатындардың көпшілігі 18-29 жас аралығындағы жастар, бұдан бөлек аталған тыйым салынған заттарды қолданатындар қатарында жасөспірімдер бар. Жасөспірімдер көбінесе еліктегіш болып келеді, яғни бұл мәселеде осал топ болып табылады, сондықтан есірткіні қолданудың салдары мен кесірін толық түсінбеулері мүмкін. Бүгінгі күні тыйым салынған заттардың кең тараған түрі психотропты заттар және оларға тәуелділік бір қолданғаннан кейін де туындауы мүмкін. Оның үстіне есірткі құралдары мен психотропты заттардың кең тарауына олардың қолжетімділігі де әсер ететінін атап өту қажет. Бұрын есірткі заттарын қолма қол сатып алып жатса, қазіргі уақытта олар әлеуметтік желілер, оның ішінде «Телеграмм» қосымшасы арқылы «тығындылар» қолданумен өткізіліп те жатыр. Яғни есірткі затын сатқан тұлға әлеуметтік желідегі қосымшалар арқылы «тығындылардың» координаттарын жіберіп, ақысын интернет-әмиян арқылы алады. Сәйкесінше бұл тыйым салынған заттарды өткізіп жатқан тұлғалар пайда мен қаржылық ресурстарға ие болады. Ал соңғылардың арбауына түсіп, көбінесе бұл «тығындыларды» жасөспірімдер жасайды және осы жасөспірімдер құқық қорғау органдарымен ұсталып, қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 2 қаңтардағы № 150-VIII Заң қабылданған. Бұл Заң 2025 жылдың 6 наурызынан бастап күшіне енеді. Қабылданған Заңға сәйкес есірткі жасырушыларға қатысты жаза жеңілдетілсе, есірткі өндіру мен таратуды ұйымдастырушыларға жаза қатаңдатылды.

Атап айтқанда осы Заңмен ҚК-нің 297-бабына (есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз иемдену, сақтау, тасымалдау, оларды жөнелту не өткізу) өзгерістер енгізілген және осы өзгерістерге тоқталып өтсек.

ҚК-нің 297-баптың 1,2 бөліктерінде көзделген ең жоғарғы жаза мерзімі төмендетілді. Атап айтқанда, қазіргі уақытта ҚК-нің 297-бабының 1-бөлігі бойынша, яғни есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз иемдену, сақтау, тасымалдау, оларды жөнелту не өткізу үшін ең жоғарғы жаза мерзімі 8 жылға дейінгі мерзімге төмендетілді, бұған дейін бұл қылмыс үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын көзделген. ҚК-нің 297-бабының 2-бөлігі бойынша ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттер үшін ең жоғарғы жаза 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасын көзделген. ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігімен осы баптың 1-2 бөліктерінде көзделген әрекеттерді адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; бірнеше рет; аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге қатысты жасалған; қоғамдық



орында жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылған. Осы баптың 3-бөлігінен 4) және 5) тармақтар, атап айтқанда лауазымды адам қызмет бабын пайдалана отырып жасаған; электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы деген саралау белгілері алынып тасталған. Жоғарыда аталған өзгерістер енгізілгенге дейін 297-бабының 3-бөлігінде жасалған қылмыстар үшін 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған болатын, бүгінгі күні аталған баптың санкциясында 7 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Демек ең жоғарғы жаза мерзімі 15 жылдан 12 жылға дейін төмендетілді.

«Лауазымды адам қызмет бабын пайдаланып жасаған іс-әрекеттер» саралау белгісі ҚК-нің 297-бабының 4-бөлігіне өткен, демек бұл ретте заң қатаңдатылды. Жаңа заңмен енгізілген өзгерістерге сәйкес, ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігімен қарастырылған қылмыстар ауыр қылмыстар санатына жатады.

ҚК-нің 6-бабына сәйкес, іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоютын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын жеңілдететін немесе жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осындай заң қолданысқа енгізілгенге дейін тиісті іс-әрекетті жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ сотталғандығы бар адамдарға қолданылады. Егер жаңа қылмыстық заң адамның жазасын өтеп жүрген іс-әрекеті үшін жазаланушылықты жеңілдетсе, онда тағайындалған жаза жаңадан шығарылған қылмыстық заң санкциясының шегінде қысқартылуға жатады.

Осыған байланысты ҚК-нің 297-бабы бойынша сотталғандарға қатысты үкімдер қолданыстағы заңнамамен сәйкес келтіруге жатады.

Жауаптылық немесе жазаны күшейтетін немесе жағдайын өзге де түрде нашарлататын заңның кері күші болмайды.

Сонымен қатар, ҚК-сі 297-1-баппен толықтырылды, ол бойынша есірткі, -психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, өндіру үшін қылмыстық жауаптылық көзделген. ҚК-не енгізілген өзгерістерге сәйкес, есірткіні өндіріп, өңдеп немесе дайындағандар мүлкі тәркіленіп, 15 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жаза қарастырылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына үлкен қауіп төндіретінін және есірткісіз қоғам құру – әрбір қазақстандықтың алдында тұрған үлкен міндет екенін атап өткен, осы міндетке қол жеткізу үшін барлығымыз үлес қосуымыз қажет.

**Г.ИСКАКОВА,
Жезқазған қалалық сотының судьясы.**

РОЛЬ СЕКРЕТАРЯ
СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ
В СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Судебная система Республики Казахстан за последнее время претерпела немало изменений. Одна из пяти реформ Плана нации 100 конкретных шагов направлена на модернизацию судебной системы, которая должна стать надежной гарантией стабильности в обществе, верховенства закона, неуклонного соблюдения прав и интересов граждан.

Секретарь судебного заседания является важным звеном в судебной системе Республики Казахстан. С учетом того, что именно секретари судебного заседания являются одними из основных кандидатов на должность судьи, требования к ним обоснованно повышаются. Стоит помнить, что обладающий большим багажом знаний, образованный, грамотный, опытный секретарь судебного заседания сегодня – это квалифицированный судья завтра. Так что же из себя представляет должность секретаря судебного заседания?

Можно с уверенностью сказать, что работа секретаря судебного заседания очень ответственна, многофункциональна и в то же время интересна. На должность секретаря судебного заседания могут поступать лица с высшим юридическим образованием. При этом соискатель должен отлично знать законодательство Республики Казахстан, нормативно-правовую базу, порядок обработки информации, правила делопроизводства, а также уметь применять данные знания на практике. Будущий секретарь судебного заседания должен придерживаться норм этики государственного служащего.

Среди умений, которые должны быть присущи секретарю – организаторские способности, умение анализировать, разрабатывать план определенных действий, работать с действующим законодательством, быстро реагировать на ситуации и приспосабливаться к ним, грамотно распределять свое рабочее время, а также очень важно владение приемами межличностных отношений. Последнее одно из самых важных качеств секретарей судебного заседания, так как именно они в первую очередь контактируют с участниками по делу и информируют их о дате следующего судебного заседания, о вынесении судебного акта или о готовности протокола судебного заседания и тому подобное.

Граждане обращаются в суды для решения споров и конфликтов, защиты своих усмеленных прав и свобод, а также другим причинам, не предполагающим радужного общения. Это обстоятельство может сказываться на их общении с сотрудниками суда, где могут проявляться нетерпеливость и даже недоверие. Секретарю в таких ситуациях

необходимо, действуя в рамках закона и своих служебных полномочий, быть максимально корректным и недопускать конфликтных ситуаций.

Так как сегодня в судебной системе происходят масштабные реформы и расширяется сфера применения новых технологий, секретари судебного заседания должны обладать достаточными навыками работы с офисной техникой.

Так, например, с января 2015 года все судебные заседания в стране проводятся с применением средств аудио-видео-фиксации, в связи с чем секретарь обязан перед началом процесса проверить исправность аппаратуры в зале заседания и в процессе фиксации наблюдать за надлежащей работой фиксирующего оборудования, а по окончании обеспечить запись файла на носителя и его сохранность до сдачи дела в архив. С марта 2016 года произошла интеграция информационных систем судебных и исполнительных органов, и секретари судебного заседания освоили навыки направления исполнительных документов электронным способом.

Стоит отметить, что в судебном процессе секретарь занимает особое положение, не только обеспечивает фиксацию в протоколе всех действий и пояснений участников процесса, он также несет ответственность за надлежащую организацию судебного заседания, своевременный вызов участников процесса, грамотное составление судебных документов и вручение копий судебных актов в сроки согласно законодательства. Также секретарь оформляет дела, направляет извещения сторонам и исполнительные документы в исполнительные органы. Кроме того выполняет другие действия согласно инструкции по делопроизводству в судах.

От организованной работы секретаря судебного заседания, его ответственности, грамотности, добросовестного отношения к работе и даже аккуратности во многом зависит имидж судьи, соответственно и суда и всей судебной системы в целом.


**Айнұр СЕРІКБОЛ,
главный специалист –
секретарь судебного
заседания Жезказганского
городского суда
области Ұлытау.**



ОВЕН. Начало недели принесет неожиданное открытие в профессиональной сфере. Возможно, вы столкнетесь с ситуацией, которая заставит пересмотреть свои приоритеты и подход к работе. Среда и четверг будут отмечены повышенным вниманием к деталям и мелочам, что поможет заметить то, что ранее ускользало от взгляда.




ТЕЛЕЦ. Для Вас эта неделя станет временем переоценки ценностей и пересмотра жизненных установок. Первые дни недели могут быть отмечены некоторой нерешительностью и сомнениями, особенно в вопросах, связанных с финансами и материальным благополучием. Не исключено, что в среду или четверг вас ждет неожиданная встреча, которая окажет значительное влияние на дальнейшие планы.



БЛИЗНЕЦЫ. Эта неделя для Вас станет временем активного общения и установления новых контактов. Возможны неожиданные известия от дальних знакомых или старых друзей, которые повлияют на ваши планы. Среда и четверг будут отмечены повышенной работоспособностью и способностью находить решения сложных задач.



РАК. Для Вас предстоящая неделя станет временем глубоких преобразований во внутреннем мире. В начале недели могут возникнуть неожиданные ситуации, требующие быстрого принятия решений, особенно в семейных делах или вопросах недвижимости. Среда и четверг будут отмечены повышенной интуицией и способностью предвидеть развитие событий.



ЛЕВ. На этой неделе Львы смогут проявить свои лидерские качества и организаторские способности. Возможны неожиданные предложения или проекты, которые потребуют вашей инициативы и энергии. В эти дни вы сможете продемонстрировать свое профессиональное мастерство и получить заслуженное признание.




ДЕВА. Для Дев эта неделя станет временем активного самосовершенствования и профессионального роста. В начале недели возможны неожиданные изменения в рабочих процессах или должностных обязанностях, которые потребуют быстрой адаптации.




ВЕСЫ. На этой неделе Весы смогут достичь значительных успехов в деловой сфере и общественной деятельности. Возможны неожиданные встречи или события, которые повлияют на дальнейшие планы и намерения. Среда и четверг будут отмечены повышенной коммуникабельностью и способностью находить общий язык с разными людьми.



СКОРПИОН. Для Вас предстоящая неделя станет временем глубоких преобразований и переоценки ценностей. В начале недели могут возникнуть ситуации, требующие смелых решений и готовности к переменам, особенно в финансовых вопросах. В эти дни вы сможете разобраться с запутаными ситуациями и найти выход из сложных положений.



СТРЕЛЕЦ. На этой неделе Стрельцы смогут проявить свои организаторские способности и талант к планированию. Возможны неожиданные предложения или проекты, которые потребуют вашего участия и руководства. В эти дни вы сможете добиться значительных успехов в профессиональной сфере и получить признание окружающих.



КОЗЕРОГ. Для Вас эта неделя станет временем активного самосовершенствования и профессионального роста. В начале недели возможны неожиданные изменения в рабочих процессах или должностных обязанностях, которые потребуют быстрой адаптации.



ВОДОЛЕЙ. На этой неделе Водолеи смогут проявить свои творческие способности и нестандартное мышление. В понедельник и вторник возможны неожиданные встречи или события, которые повлияют на дальнейшие планы и намерения. В эти дни вы сможете проявить свои инновационные идеи и получить поддержку единомышленников.



РЫБЫ. Для Рыб предстоящая неделя станет временем глубоких преобразований во внутреннем мире и внешней жизни. В начале недели могут возникнуть ситуации, требующие смелых решений и готовности к переменам, особенно в творческой сфере. В эти дни вы сможете разобраться с запутанными ситуациями и найти выход из сложных положений.

УЛТ БОЛАМЫН ДЕСЕҢІЗ...

ТӘРБИЕ – БІЛІМНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Тәрбие мен білім – кез келген қоғамның, ұлттың дамуы мен өркеніетінің негізгі тірегі болып табылады. Бұл екі ұғым бір-бірінен бөлек, бірақ бір-бірін толықтырып тұрады. Тәрбие арқылы алынған құндылықтар мен адамгершілік негіздер білімнің сапасын арттырады, ал білімді терең меңгеру тәрбиенің кеңеюіне және оның тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Осылайша, тәрбие мен білім өзара тығыз байланыста болып, адамның жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Тәрбие – қоғамның негізі

Тәрбие – адамзаттың сан ғасырлық тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу құралы. Қазақ халқында «Тәрбие басы – тал бесіктен» деген қанатты сөз бар, бұл тәрбие процесінің алғашқы кезеңі отбасынан басталатынын айқындайды. Отбасы балаға ең алғашқы білім мен тәрбие беретін орын болғандықтан, ол қоғамдағы тәрбие мен білімнің негізі саналады. Балаға ата-ананың берген тәрбиесі, оның рухани құндылықтар мен мәдениетке деген көзқарасы оның болашақта білім алуына, қоғамдағы орны мен рөліне айтарлықтай әсер етеді.

Тәрбие – баланың тек ақыл-ойын дамыту ғана емес, оның рухани, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, моральдық нормалар мен құндылықтарды үйрету болып табылады. Тәрбиенің мақсаты – азаматтық ұстанымдары мықты, рухани-адамгершілік негіздері қалыптасқан, ой-өрісі кең тұлға тәрбиелеу.

Білімнің рөлі

Білім – бұл тек ғылыми немесе кәсіби дағдылар ғана емес, адам баласының дүниетанымын кеңейтетін, ой-өрісін дамытатын маңызды құрал. Білім алу – әр адамның өз жолын табуға, қоғамдағы өз орнын анықтауға, әлемді түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе қазіргі заманда білімнің мәні арта түскен, өйткені ол адамға жаңашылдықты игеруге, өзгерістерге бейімделуге көмектеседі.

Білім беру жүйесі балаға тек оқу бағдарламасын меңгертіп қана қоймай, оны жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталған болуы керек. Ол үшін ұстаздың рөлі ерекше.

Ұстаз білімділікпен қатар, өзінің моральдық-адамгершілік құндылықтары мен тәрбие беру тәсілдерін қолдана отырып, балаға дұрыс бағыт-бағдар көрсетуі қажет.

Тәрбие мен білімнің өзара байланысы

Тәрбие мен білім бір-бірімен тығыз байланысты. Білімді адамның дүниетанымы кең, ал тәрбие алған адамның адамгершілік қасиеттері мықты болады. Егер адамның білім деңгейі жоғары болса, бірақ оның тәрбиесі дұрыс болмаса, ол қоғамға зиян келтіруі мүмкін. Керісінше, тек тәрбие алған, бірақ білімсіз адам да қоғамға толыққанды қызмет ете алмайды.

Мұның айқын мысалы – қоғамның қалыптасқан моральдық нормалары мен құқықтық талаптарына сәйкес келетін азаматтар тәрбиелеу. Тәрбиенің негізі – ұлттың мәдениеті мен тарихын, тілін құрметтеу болса, білім арқылы адамның жалпы дүниетанымы мен әлеуметтік жауапкершілігі артады.

Тәрбие мен білімнің түп қазығы бір-бірін толықтыратын, бірігіп жұмыс істейтін жүйе болып табылады. Тәрбие арқылы алынған адамгершілік құндылықтар білім алу процесінде нәтижелі болады, ал білім адамның жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік береді. Әр ұрпақтың тәрбие мен білімді үйлесімді алу арқылы ғана қоғамның тұрақты дамуына, келешекте еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосады.

Г.ӘШЕНОВА,
Ақпараттық түсіндіру
тобының мүшесі.

Анекдоты, анекдоты...



Мужик, считавший себя мышью, загремел в психушку. После проведенного лечения врач у него спрашивает:

- Кем вы сейчас себя считаете, человеком или мышью?

- Какая мышь, доктор, я человек!
- Ну вот и хорошо, значит, вы выздоровели и можете идти.

Мужик выходит за дверь, но через минуту возвращается. Врач:

- Что-то забыли?

- Нет, доктор, я там kota увидел?

- И что? Вы же больше не считаете себя мышью, верно?

- Я-то не считаю, только вот кот вряд ли об этом знает.

По ночной трассе в дождливую погоду едет некий человек. Вдруг видит - на обочине кто-то голосует. Остановился, посадил пассажира. Пассажир говорит:

- Спасибо вам! Остановились, не боялись. Знаете, я - хирург-офтальмолог. Вижу, у вас один глаз стеклянный. Если бы был донор, то я сделал бы вам операцию прямо сейчас.

И тут, как по заказу, в дерево влетает «Мерс». Врач меняет стеклянный глаз водителя на глаз покойника, и они уезжают. Утром в полиции:

- Слышал, вчера ночью «Мерс» в дерево влетел?

- Ну да. Тут ещё все гадают, как погибший вообще мог ездить с двумя стеклянными глазами!

Чиновники, бесконтрольно завышая себе зарплату, требуют считать это заботой о людях, так как этим они повышают среднюю заработную плату всему населению..

В шотландской тюрьме один заключенный спрашивает у другого:

— Тебя за что посадили?
— Я в ювелирном разбил кирпичом витрину и забрал все драгоценности.

— И тебя взяли на месте преступления?

— Нет, на следующий день, когда я пришел забрать кирпич..

Теректіде жеңіс тойы тойланды

Өңгімелер біз естіген расталды,
Біз қуандық көріп ойлы жастарды.
Әулиелі жерде берген үлкен ас,
Әруақтарға дұға арнаудан
басталды.

Бүгінгі той - басқа тойдан бөлек - ті,
Ол осылай болуы да керек - ті.
Бұл жағынан салдырмады қамшыны,
Мықты екен тұрғындары Теректі!

Жалындаған жігіттері екен дүр,
Кесілді ғой тарихты айтып көкем бір.
Тәу ететін алыс - жақын ағайын,
Әулиелі - әмбиелі мекен бұл.

Текті жандар - келдім сондай
байламға,
Теректіде терең тамыр жайған ба?
Аттаныпты 59 азамат,
Осы ауылдан ел қорғауға майданға.

Аз болған жоқ бұл қырғынның
мәлқамы,
Тарих тылсым тереңіне тартады.
Бұл санақта шаһит болған жат жерде,
Еш хабарсыз кеткендер де бар тағы.

Ел ерекше күйге бүгін еніпті,
Керегесін тойдың кеңге керіпті.
Шартараптан ат арытып ауылға,
Майдангерлер ұрпақтары келіпті.

Азаматтар атаулы күн ерледі,
Іс - шараның болды өзгеше өрнегі.
Жақсыкелді Сейіловтың әндері,
Туған жері - ТЕРЕКТІСІН тербеді.

Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген қайраткері,
Ұлытау ауданының
Құрметті азаматы.



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық,
ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 796

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев
қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.